

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеновой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ

ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ

1.03.2021 ж.

дата

№ 9

Алматы қ.



г. Алматы

Бекітемін:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты» РММ
Директоры

2021 ж. «1»

03

ИЛЛЮСТРАТОР

Әзірлеген:			
Директордың музыка жөніндегі орынбасары		Юсупова С.О.	26.02.2021
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	26.02.2021
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	26.02.2021
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	26.02.2021
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	26.02.2021
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	3
3.	ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ	4
4.	ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	5
5.	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	5
	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	6
	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	7

Лауазымдық нұсқаулық	Иллюстратор
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
	7-нан 2 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) иллюстраторының қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Иллюстратор қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады. Иллюстратор қызметіне басшылықты директордың музыка жөніндегі орынбасары және бөлім меңгерушісі жүзеге асырады.

4. Иллюстратор өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы, мемлекеттік білім беру стандарттарын, үлгілік оқу жоспарларын, жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;

2) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;

3) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

2. БІЛКІТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Иллюстратор лауазымына жоғары музыкалық білімі бар адам тағайындалады, оның жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

2. Иллюстратор төмендегілерді білуге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;

2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;

3) Бала құқығы туралы Конвенцияны;

4) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Бала құқықтары туралы» Заңдарын;

5) білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді;

6) оқу пәнінің мазмұнын, оқу-тәрбие процессін, оқыту және бағалау әдістемесін;

7) педагогика мен психологияны;

8) пәнді оқыту әдістемесін, тәрбие жұмысын, оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін;

Лауазымдық нұсқаулық	Иллюстратор
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	7-ден 3 бет

- 9) музыкалық білім берудің және педагогикалық ғылымның негізгі бағыттары мен даму перспективаларын;
- 10) оқу кабинеттері мен қосалқы үй-жайлардың жабдыкталуына қойылатын талаптарды;
- 11) құқық және еңбекті ұйымдастыру, экономика негіздерін;
- 12) қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

1. Сабақта және оркестрде оқушылармен жүргізетін жұмысында иллюстратор оқушының өнердегі жоғары деңгейінің критерийлерін қалыптастыру үшін кәсіби шеберлік деңгейі жоғары болуы, өз партияларын білуі, алуан түрлі репертуары болуы тиіс. Сабақта кәсіби дағдыларды пысықтауда: вокалды және аспапты музыкада ерекше әдіс-тәсілдерді машықтауға педагогке көмектеседі.
2. Иллюстратор ұжымдық сыныптардың репетицияларында, сабақтарда, емтихандарда, сынақтарда, концерттерде, конкурстарда музыкалық материалды кәсіби орындауды қамтамасыз етуге міндетті; конкурстарға, концерттерге және т.б. дайындауға қатысады.
3. Иллюстратор парақтан тез оқуға; қысқа мерзімде музыкалық шығармаларды меңгеруге, музыкалық материалды үндестіруге міндетті.
4. Педагогтермен бірге оқушылардың орындаушылық дағдыларын, ансамбльде ойнау дағдыларын қалыптастырады, көркемдік талғамын дамытуға, музыкалық-бейнелік қабылдауын кеңейтуге және шығармашыл жеке тұлға тәрбиелеуге ықпал етеді.
5. Өзінің кәсіби шеберлігін көтеру бойынша тұрақты жұмыс істейді, өз біліктілігін арттырады. Өз репертуарын жинақтап кеңейтеді.
6. Мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысына, мектептің жұмыс жоспарларында көзделген оқу-тәрбие және басқа да іс-шараларын ұйымдастырып өткізу жұмысына қатысады.
7. Мектеп-интернаттың қоғамдық өміріне қатысады, Мектеп әкімшілігінің тапсырмаларын орындайды.
8. Мінез-құлықтың әдеп нормаларын сақтайды, оқушылар, интернат тәрбиеленушілері үшін үлгі болады.
9. Білім алушылар, тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдылық принциптерін сіңіреді.
10. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын, сондай-ақ құрал-жабдықтарды пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын орындайды.
11. Білім беру процессі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді, зардап шеккенге дәрігерге дейінгі көмек көрсету шараларын қабылдайды, басшылық пен ата-аналарды жазатайым оқиға туралы жедел хабардар етеді.

Лауазымдық нұсқаулық	Иллюстратор
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
7-ден 4 бет	

12. Еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларын сақтайды. Мектеп мүлкіне ұқыпты қарайды, материалдық құндылықтардың сақталуына жауапты болады. Санитариялық нормаларға сәйкес кабинеті тазалықта ұстайды.

13. Мектеп Жарғысын, Ұжымдық шартты, Ішкі тәртіптеме қағидаларын, осы нұсқаулықтың талаптарын сақтайды.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Иллюстратордың мынадай құқықтары бар:
 - 1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
 - 2) өзінің кәсіби және оқу-тәрбие қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
 - 3) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
 - 4) Мектептің оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;
 - 5) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
 - 6) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектептің оқу-тәрбие қызметі мен ішкі тәртіптеме қағидаларын орындауға байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;
 - 7) оқушыларды көтермелеу бойынша ұсыныстар енгізуге;
 - 8) оқушылардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға және ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларына сәйкес оқушыға тәртіптік әсер ету шараларын қабылдауға;
 - 9) өз құзыреті шегінде Мектеп мүдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;
2. Иллюстратордың Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексінде, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарында, мектеп Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Иллюстратор Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:
 - 1) өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;
 - 2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;
 - 3) жоспарлы тапсырмаларды орындамағаны үшін;
 - 4) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;
 - 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

Лауазымдық нұсқаулық	Иллюстратор	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		7-ден 5 бет

2. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте иллюстратор оқушылардың құқықтары мен еркіндіктері бұзылғаны үшін жауапты болады. Білім алушының тұлғасына тәни және (немесе) психикалық зорлық-зомбылыққа байланысты тәрбиелеу әдістері қолданылғаны үшін иллюстратор ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылуы мүмкін.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Лауазымдық нұсқаулық	Иллюстратор
«Қ. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	7-ден 6 бет